БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Нұр Айым 2» бөбекжай балабақшасы
Сатанбай Б.Б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
2026-2027 оқу жылы.

№	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 отырысы: -Кеңес төрайым мен хатшысын сайлау; -Кеңіс мүшелеріне функсионалдық міндеттерін бөлу Балабақша педагогтеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020жылғы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» қайта таныстыру және түсіндіру; -Жылдық жұмыс жоспарын бекіту; -Тәрбиешілермен көмекшілердің балабақшадағы сырт келбеті мен кәсіби киім мәдениеті.	04.09.2026ж	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: Сатанбай Б Әдіскер: Даулетова А
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы: **Күн тәртібінде:** 1. Балабақшадағы цифрлық әдеп;Тәрбиешілердің әлеуметтік желілерде (Instagram. Tik Tok. Fakebook т.б) жеке фото/ бейне материялдарды жариялау шекарасы. 2. Педагог пен ата-ана арасындағы іскерлік қарым қатынас мәдениеті (ватсаппен сөйлесу этикасы) 3. Тәрбиешілердің кәсіби тактісі және педагогикалық әдеп әдеп ережелерін сақтауы.	05.11.2026ж	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: Сатанбай Б Әдіскер: Даулетова А.
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы:	11.01.2027ж	Дөңгелек	Меңгеруші:

	Күн тәртібінде: 1. Педагог мәртебесі және оның құқықтары мен міндеттері. 2. Бала құқығы-ең жоғарғы құндылық. Балабақшада балалармен қарым қатынаста эмоционалды және психологиялық қысымғаа жол бермеу. 3. МДҰ-ғы қолайлы және жағымды моральді психологиялық климатты сақтау.		үстел	Сатанбай Б Әдіскер: Даулетова А
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы: **Күн тәртібінде**: 1. «Заманауи балабақша тәрбиешісінің имиджі»: Қоғамдық орындардағы және ұжымдағы этикалық нормалар. 2. Педагогтың өз-өзін дамуы және кәсіби жанудың алдын алу жолдары. 3. Оқу жылында атқарылған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысына есеп беру және қорытындылау.	21.05.2027ж	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: Сатанбай Б Әдіскер: Даулетова А

ЖШС «Нұр Айым 2» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының хаттамалары.

2026-2027 оқу жылы

ЖШС «Нұр Айым 2» бөбекжай балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «04» қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: Нұр Айым 2 балабақшасының әдістемелік кабинеті
Төрайымы: Даулетова А.А.
Хатшысы: Н.Абубакирова
Қатысқандар: Кеңес мүшелері және балабақшаның педагогтері (барлығы 17 педагог).

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1 Кеңес төрайымы мен хатшысын сайлау, мүшелердің функционалдық міндеттерін бөлу.
2 Балабақша педагогтеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 жылғы №190 бұйрығын («Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы») қайта таныстыру және түсіндіру.
3 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
4 Тәрбиешілер мен көмекшілердің балабақшадағы сырт келбеті мен кәсіби киім мәдениеті.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол жаңа оқу жылында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын қайта қарастыруды ұсынды. Дауыс беру нәтижесінде кеңес төрайымы болып балабақша әдіскері Даулетова А.А., ал хатшысы болып тәрбиеші Н.Абубакирова сайланды. Кеңес мүшелеріне (психолог, кәсіподақ төрайымы) құқық бұзушылықтардың алдын алу және мониторинг жүргізу бойынша міндеттер бөлініп берілді.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол ҚР БҒМ 11.05.2020 жылғы №190 бұйрығының негізгі талаптарын педагогтердің есіне салды. Әдіскер өз сөзінде: «Педагог мәртебесі — қоғамдағы ең жоғары құндылықтың бірі. Әрбір тәрбиеші өзінің кәсіби қызметінде балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас жасау кезінде осы бұйрықта көрсетілген этикалық нормаларды қатаң сақтауға міндетті. Балабақшада

заңға қайшы немесе педагог атына кір келтіретін әрекеттерге мүлдем жол берілмейді» — деп атап өтті.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес хатшысы 2026-2027 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Жоспарда балабақша үшін өзекті саналатын 4 отырыстың тақырыптары, мерзімдері мен жауапты тұлғалар нақтыланған. Педагогтер тарапынан жоспар толық қолдау тауып, бекітуге ұсынылды.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша психологы сөз сөйледі. Ол тәрбиешілер мен тәрбиешінің көмекшілерінің (няня) сырт келбеті балалардың эстетикалық талғамының қалыптасуына тікелей әсер ететінін айтты. Балабақша ішінде тым ашық, ерсі киімдерге, ұзын әрі өткір тырнақтарға (баланы жарақаттап алмау үшін) және шашты жайып жүруге тыйым салынатыны ескертілді. Іскерлік, ұстамды және таза киім үлгісін сақтау талап етілді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ (ҚАУЛЫ):

1 Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы, төрайымы мен хатшысының тағайындалуы бекітілсін.

2 ҚР БҒМ №190 бұйрығының талаптары балабақшаның барлық қызметкерлері тарапынан қатаң сақталсын және басшылыққа алынсын.

3 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары біртұтас мақұлданып, бекітілсін.

4 Балабақшаның барлық педагогтері мен көмекшілеріне жұмыс орнында іскерлік киім стилін сақтау және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау міндеттелсін.

Кеңес төрайымы: _____ **А.Даулетова**

Кеңес хатшысы: _____ **Н.Абубакирова**